



# Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

4 сәуір 2026 жыл Сенбі №12-13 (12 065)

<https://qarqaralygazeti.kz>

[www.facebook.com/qarqaralygazeti/](http://www.facebook.com/qarqaralygazeti/)

[qarqaraly\\_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

[karkaraly\\_too@mail.ru](mailto:karkaraly_too@mail.ru)

## Конференция

### Ардагерлер ұйымының XIII конференциясы өтті



Қарқаралы өңірінде аға буынның ақыл-парасаты мен өмірлік тәжірибесін тоғыстырған маңызды басқосу – аудандық ардагерлер ұйымының XIII конференциясы жоғары деңгейде өтті. Тағылымы мол жиынға аудан басшылығы, ауылдық округ әкімдері, округтердегі ардагерлер ұйымдарының төрағалары, дербес бөлім басшылары мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысып, елдік мүдде жолындағы өзекті мәселелерді кеңінен талқылады.

Конференцияның күн тәртібіндегі негізгі мәселе – аудандық ардагерлер кеңесінің 2021–2025 жылдар аралығында атқарған жұмыстарының қорытындысы болды. Бұл ретте аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев есепті баяндама жасап, өткен кезеңде жүзеге асырылған ауқымды жұмыстарға жан-жақты тоқталды. Ол өз сөзінде ардагерлер ұйымының қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтіп, аға буынның жастар тәрбиесіндегі, ұлттық құндылықтарды дәрiптeудегi және қоғамдық келiсiмдi нығайтуды рөлiн айрықша атап өтті.

Баяндама төңірегінде өрбіген жарыссөз барысында бірқатар ауылдық округтердегі ардагерлер ұйымдарының төрағалары сөз алып, атқарылған жұмыстарға оң бағаларын беріп, алдағы кезеңге қатысты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Ашық пікір алмасу алаңына айналған бұл жиын ардагерлер қозғалысының бағыт-бағдарын айқындауға серпін берді.

Конференция аясында бірінші ұйымдастыру пленумы өтіп, онда бірқатар маңызды шешімдер қабылданды. Пленум қорытындысы бойынша аудандық

ардагерлер кеңесінің жаңа төрағасы болып Темірғалиев Несіпхан Жақанұлы бірауыздан сайланды. Бұл шешім көпшілік тарапынан қолдау тауып, жаңа басшыға үлкен сенім жүктелді.

Жиын барысында аудан әкімінің орынбасары Нұржан Ағыбайұлы сөз сөйлеп, ұзақ жылдар бойы аудандық ардагерлер ұйымын басқарған, мемлекеттік қызметтің майталманы Ойрат Ыбырайымханұлына айрықша алғыс білдірді. Көпшілік алдында оның ел дамуына қосқан елеулі еңбегі атап өтіліп, лайықты құрмет көрсетілді.

Салтанатты сәтте айтылған лебіздерде Ойрат Ыбырайымханұлының саналы ғұмыры мен еңбек жолы туған өлке – қасиетті Қарқаралы өңірінің өркендеуіне арналғаны ерекше ілтипатпен сөз болды. Табиғаты көркем, тарихи терең өлкеде дүниеге келіп, ұлттық тәрбиені бойына сіңірген ол адалдық пен адамгершілікті өмірлік ұстаным етіп, мемлекеттік қызметтің түрлі сатыларында абыройлы еңбек етті.

Аудандық партия және комсомол органдарында жауапты қызметтер атқарып, кейін қаржы бөлімінің басшысы, аудан әкімінің орынбасары, жұмыспен

қамту және әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі, аудандық мәслихат хатшысы сынды лауазымдарда табанды еңбек етті. Осы жылдар ішінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып, ел игілігі жолында аянбай қызмет етті.

Кейінгі жылдары аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде қоғамдық өмірдің бел ортасында жүріп, аға буын мен жас ұрпақ арасындағы сабақтастықты нығайтуға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға ерекше көңіл бөлді.

Жиын соңында ардақты азаматқа денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы аمانдығы тілініп, оның еңбегі әрдайым ел жадында сақталатыны атап өтілді.

Жалпы, конференция барысында өзге де ұйымдастыру мәселелері қаралып, тиісті қаулылар қабылданды. Бұл басқосу аудандық ардагерлер ұйымының алдағы жұмыс бағытын айқындап, жаңа серпін берген тағылымды жиын ретінде есте қалды.

**Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ**

«Қарқаралы ауданы әкімі аппараты» ММ тапсырысмен

## Қауіпсіздік

Көктем келісімен табиғаттың жаңаруы ғана емес, сонымен қатар жауапты кезең – су тасқыны қаупі де қатар келетіні белгілі. Өсіресе қардың жаппай еруі мен күннің күрт жылынуы өзен-көлдердің деңгейін көтеріп, елді мекендерге қауіп төндіруі мүмкін. Осы ретте қауіптің алдын алу – ортақ міндет.

### Су тасқынының алдын алуға келген сарбаздар марапатталды



Қарқаралы ауданында бұл мәселе жыл сайын ерекше бақылауға алынады. Атап айтқанда, Тегішпіндік және Қаракөл ауылдық округтері су тасқыны қаупі жоғары аймақтардың қатарына жатады. Сондықтан да көктемгі кезеңде бұл аумақтарда алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Өңір тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты «Мартбек Мамыраев» атындағы №52859 әскери бөлімінің 26 сарбазы арнайы техникалармен ауданға көмекке келді. Бұл – төтенше жағдайлардың алдын алуға нақты әрі тиімді қадамдардың бірі.

Әскери қызметкерлер келген сәттен бастап жедел түрде іске кірісті. Олар еріген қар суының кедергісіз ағуын қамтамасыз ету үшін ауыл ішіндегі арықтар мен су ағар арналарының бітелген тұстарын тазартты. Қалың қар мен мұз қабаттарын аршып, судың табиғи ағысын қалпына келтіру бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Сонымен қатар, арнайы техника мен қажетті құрал-жабдықтар қолданылып, қауіпті учаскелер тұрақты бақылауға алынды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде су басу қаупі айтарлықтай төмендеп, елді мекендердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Бұл – бір жағынан табиғи апаттың алдын алу болса, екінші жағынан тұрғындардың алаңсыз тіршілігіне жағдай жасау.

Әскери бөлім сарбаздарының ұйымшылдығы мен жедел әрекеті олардың кәсіби даярлығының жоғары деңгейін айқын көрсетті. Ең бастысы – бұл олардың елге, жерге деген жанашырлығы мен азаматтық жауапкершілігінің жарқын үлгісі.

Аудан әкімдігі тарапынан су тасқынының алдын алуға белсенді атсалысқан сарбаздарға алғыс білдіріліп, еңбектері еленді. Мұндай игі істер – қоғамдағы бірлік пен өзара көмектің нақты көрінісі.

Табиғат тосын мінез танытқан тұста бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білу – әрбір азаматтың парызы. Ал осындай сын сағатта алдыңғы қатардан табылып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосқан сарбаздардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

**Меруерт БАЛКЕЕВА**

## Мереке шуағы

### Өз Наурыз Қарқаралыны думанға бөледі

Көктемнің шуақты шуағымен бірге келген Ұлыстың ұлы күні – Өз-Наурыз Қарқаралы өңірінде биыл да айрықша сән-салтанатымен, ерекше мазмұнымен аталып өтті. Табиғаттың жаңаруымен үндес бұл мереке – береке мен бірліктің, ізгілік пен татулықтың айқын көрінісіне айналып, қала тұрғындары мен қонақтарына шаттық пен шабыт сыйлады.

Қарқаралы қаласының орталық саябағында ұйымдастырылған кең көлемді мерекелік шара нағыз халықтық думанға ұласты. Өсем безендірілген алаң, қатар тігілген киіз үйлер, ұлттық нақыштағы көріністер – барлығы да ұлттық рухты асқақтатып, өткен мен бүгінді жалғастыратын алтын көпірдей әсер қалдырды.

Салтанатты жиында жиналған көпшілікті аудан әкімінің міндетін атқарушы Саят Қабиденұлы Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтап, ақжарма тілегін арнады. Ол өз сөзінде



Наурыз мейрамының халықты бірлікке, татулыққа үндейтін тағылымды мәніне тоқталып, әр шаңыраққа амандық пен ырыс-береке тіледі.

Мерекелік бағдарлама барысында ән мен күйден шашу шашылып, би өнері арқылы ұлттық мәдениетіміздің көркем өрнегі кеңінен насихатталды. Сахна төрінде шырқалған әсем әндер мен мың бұралған бишілердің өнері көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлап, нағыз мерекелік атмосфера қалыптастырды.

Бұл күні қаладағы түрлі мекемелер киіз үйлер тігіп, қазақы қонақжайлықтың жарқын үлгісін көрсетті. Дастарқандар жайылып, ұлттық тағамдар ұсынылып, келген қонақтарға кең пейіл мен ықылас танытылды. Әр киіз үй өзіндік сән-салтанатымен ерекшеленіп, ұлттық дәстүрдің мәйегін көпшілікке паш етті.

Шара аясында «Үздік киіз үй», «Үздік ұлттық киім», «Үздік бауырсақ» номинациялары бойынша байқаулар ұйымдастырылып, қатысушылар өз шеберліктерін ортаға салды. Әрбір қатысушының еңбегі мен ізденісі көрермендер тарапынан жоғары бағаланып,

ұлттық өнерге деген құрметті арттыра түсті.

Ұлттық спорт түрлері де назардан тыс қалған жоқ. Арқан тарту, асық ату, қой көтеру, қол күресі сынды сайыстарда қатысушылар өз күштерін сынап, ептілік пен батылдықтарын көрсетті. Тартысқа толы жарыстар мерекенің көркін қыздырып, көпшіліктің қызығушылығын арттырды.

Жалпы, Қарқаралы төрінде өткен Өз-Наурыз мерекесі – ұлттық дәстүр мен мәдениеттің салтанат құрған сәті болды. Халықтың рухын көтеріп, жүректерге қуаныш ұялатқан бұл думанды шара ел бірлігін нығайтып, ұрпақ санасына рухани құндылықтарды сіңіруде маңызды рөл атқарды.

Ұлыстың ұлы күні – әрдайым жаңару мен жақсылықтың бастауы болып, әр шаңыраққа бақ-береке, ырыс пен ынтымақ әкеле берсін!

**Меруерт БАЛКЕЕВА**

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысмен

Парасат пен пайым

## Елге қызмет — ерге міндет



**Қарқаралы өңірі – талай текті тұлғаларды түлеткен, елге адал қызмет етуді өмірлік мұрат еткен азаматтарды тәрбиелеген қасиетті мекен. Солардың бірі – саналы ғұмырын туған жерінің өсіп-өркендеуіне арнаған, абыройлы еңбек иесі, қоғам қайраткері, Қарқаралы ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев.**

Ойрат Ибраимханұлы 1948 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласында дүниеге келген. Табиғаты көркем, тарихи терең өлкеде туып-өсіп, ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындаған ол жастайынан еңбекқорлық пен жауапкершілікті серік етті. Жоғары білім алып, өмір жолын ел игілігіне қызмет етуге бағыттады.

Еңбек жолын 1968 жылы Алматы қаласындағы оқу орнында бастап, кейін 1972 жылы Қарқаралы автокөлік кәсіпорнына экономист болып қызметке қабылданды. Іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті ерте танылған жас маман көп ұзамай қоғамдық-саяси жұмыстарға тартылып, 1973 жылы Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағының Қарқаралы аудандық комитетінің екінші хатшысы болып сайланды.

1975 жылдан бастап партиялық қыз-

метке ауысып, Қазақстан Компартиясы Қарқаралы аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, кейін жалпы бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Бұл кезеңде ол жауапкершілігі жоғары, істің байыбына терең бойлай білетін білікті маман ретінде қалыптасты.

1981 жылы аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, қаржы саласының тиімді жұмыс істеуіне сүбелі үлес қосты. Ал 1990 жылдан бастап аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына белсене араласты. Кейін экономика бөлімінің меңгерушісі, экономика комитетінің төрағасы ретінде ауданның даму бағытын айқындауға атсалысты.

2002 жылы аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болып сайланып, 2003–2012 жылдар аралығында аудандық мәслихаттың хатшысы қызметін абыроймен атқарды. Бұл кезеңде оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі тәжірибесі, көрегендігі мен парасаттылығы айқын көрінді.

Бүгінде Ойрат Ибраимханұлы Қарқаралы ауданының ардагерлер кеңесін басқарып, аға буынның ақыл-парасатын қоғам игілігіне жұмсауға ұйытқы болып келеді. Ол ардагерлердің әлеуметтік мәселелерін шешуге, олардың қоғам өміріндегі белсенділігін арттыруға, жас ұрпақ тәрбиесіне бағытталған игі істердің басы-қасында жүр.

Ел алдындағы еселі еңбегі елеусіз қалған жоқ. Өр жылдары «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл», «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медальдарымен, «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен және «Құрметті ардагер» медалімен марапатталды.

Ойрат Жүкібаев қандай биік лауазымды қызметтерді атқарса да, қарапайымдылық пен кішіпейілдікті ту етіп келеді. Өр мәселенің мәніне терең үңіліп, халыққа адал қызмет етуді басты қағидасы санайды. Қол астындағы қызметкерлерге ағалық қамқорлық танытып, оларды жауапкершілікке, адалдыққа тәрбиелей білді.

Оның ұйымдастырушылық қабілеті, бай тәжірибесі, шешім қабылдаудағы табандылығы мен білім-біліктілігі кейінгі буынға үлгі-өнеге. Осындай асыл қасиеттерінің арқасында ол әріптестері арасында зор құрметке ие болып, ел-жұрттың сыйлысына айналды.

Қай кезде де туған жердің мүддесін бәрінен биік қойған Ойрат Ибраимханұлының еңбегі – кейінгі ұрпаққа өнеге, елге қызмет етудің жарқын үлгісі. Оның өмір жолы – адал еңбек пен азаматтық жауапкершіліктің айқын айғағы.

**Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ**

### Қарқаралы ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі 2026 жылғы 02 сәуірінде өткен қайта конкурс жеңімпаздарының тізімі

Р/с, №	Жер учаскесінің лот №	Жер учаскесінің сипаттамасы (топырақ түрі, алқаптардың құрамы, балл бонитеті)	Жалпы алаңы, га	Жалға алу мерзімі, жыл	Конкурслық жеңімпаздың атауы, аты- жөні	Жеңімпазды анықтауға негіз болған шарттар
1	2	3	4	5	6	7
1	Қаракөл а/о Лот №44	Қою қызыл топырақтар	308,5284	10	Максұтова Бакыт	38+10=48 балл
2	М. Мамыраев а/о Лот №37	Қою қызыл топырақтар	86,4167	10	Бабалыков Максат Фазылқаримович	35 + 10=45 балл

Список победителей проведенного повторного конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения сельскохозяйственного производства по Каркаралинскому району от 02 апреля 2026 года

П/п, №	Лот № земельного участка	Характеристика земельного участка (вид почв, состав угольной, бонитет баллов)	Общая площадь, га	Срок аренды, лет	Ф. И. О. победителя конкурса	Условия, послужившие основанием для определения победы
1	2	3	4	5	6	7
1	Каракольский с/о, лот №44	Темно-красные почвы	308,5284	10	Максұтова Бакыт	38+10=48 балл
2	М. Мамыраевский с/о, лот №37	Темно-красные почвы	86,4167	10	Бабалыков Максат Фазылқаримович	35 + 10=45 балл

#### Хабарландыру

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС 2026 жылғы 21 наурыздағы №11 санында Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша қайта конкурс өткізілетіндігі жөнінде жарияланған хабарламадағы қайта конкурс Қарқаралы ауданының жер комиссиясы төрағасының болмауына (денсаулығына) байланысты 2026 жылдың 13 сәуірінде өткізілмейді. Бұл жер учаскелері бойынша конкурс қайтадан жарияланады.

#### Хабарландыру

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС 2026 жылғы 07 наурыздағы №9 санында Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша қайта конкурс өткізілетіндігі жөнінде жарияланған хабарламадағы 6 реттік сандағы Н.Нұрмақов ауылдық округінен шыққан 24 лот (1126,4433 га) алынып тасталсын.

#### Білім

## Қарағанды облысында бірінші сыныпқа құжат қабылдау 29 маусымда басталады

Қазақстанда бірінші сыныпқа қабылдау тәртібі өзгертілді: қабылдау науқанының басталу мерзімі 1 сәуірден 27 мамырға ауыстырылды. Сондай-ақ цифрлық жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін өтініш қабылдаудың өңірлік кестесі енгізілді. Қарағанды облысында құжат қабылдау 29 маусым мен 31 тамыз аралығында (жұмыс күндері) жүргізіледі.

Қандай құжаттар қажет  
Қазақстан азаматтары үшін:  
- ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші;  
- баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;  
- медициналық құжаттар (денсаулық

паспорты 026/у-3 нысаны және екепте картасы 065/у);  
- 3x4 см өлшеміндегі екі фотосурет.  
Мектепалды даярлықтан өтіп, сол мектепте қалатын балалар бірінші сыныпқа автоматты түрде қабылданады. Бұл рәсімді айтарлықтай жеңілдетеді: құжаттардың толық пакетін қайта жинаудың қажеті жоқ. Дегенмен ата-аналар басқа мектепті таңдауға құқылы — мұндай жағдайда құжаттар жалпы тәртіппен тапсырылады.  
Шетел азаматтары үшін:  
Оларға да негізгі талаптар бірдей, алайда ата-аналарда Қазақстанда уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат болуы тиіс.  
- өтініш;

- туу туралы куәліктің көшірмесі;  
- денсаулық жағдайы туралы анықтама;  
- 3x4 см өлшеміндегі екі фотосурет;  
- Қазақстан аумағында заңды тұруды растайтын құжат (ықтиярхат, уақытша тұруға рұқсат, босқын немесе қандас куәлігі және т.б.);  
- жеке басын куәландыратын құжат және көші-қон картасы.  
Шетелден келген балаларды мектепке қабылдау олардың білім деңгейін ескере отырып жүзеге асырылады. Қажетті құжаттар болмаған жағдайда шешімді арнайы комиссия қабылдайды.  
Сұрақтар бойынша (8-7212) 50-45-25 нөміріне хабарласуға болады.

#### Өнеге

Туған ауыл – әрбір адам үшін жүрекке ең жақын, ең ыстық мекен. Ал сол туған топырақтың төсінде ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған асыл жандар болса, олар – сол ауылдың рухани тірегі, нағыз ел қорғаны. Адам баласы үшін туған жердің топырағы ыстық. Туған топырақта тамырын тереңге жайған тұлғалар – елдің бағына біткен асыл қазына. Осындай ардақты жандардың бірі – туған ауылымыздағы білім ордасының білікті басшысы, ұлағатты ұстаз, дара тұлға – Оспанқұлов Мақсат Зейнелұлы.

## Ұстаз – ұлттың ұлы темірқазығы



Ардақты ұстаз Мақсат Зейнелұлы – жай ғана мектеп директоры емес. Ол – ел болашағын ойлаған, ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға қойған, білім мен парасаттың иесі. Ұстаздық жолды жүрек қалауымен таңдаған ол кісінің әр ісінен шәкіртке деген шынайы махаббат пен елге деген адалдық айқын аңғарылады. Білімі терең, ойы ұшқыр, шешен сөздің шебері, ұйымдастырушылық қабілеті ерекше. Мектептегі кез келген іс-шара болсын, оқу-тәрбие процесі болсын – бәрінде де Мақсат ағайдың қолтаңбасы анық көрінеді.

Мақсат Зейнелұлы – жан-жақты дамыған, терең білімді, екі бірдей мамандықты меңгерген, педагогика мен ұйымдастыру ісін жетік білетін тәжірибелі маман. Ол кісі тек қана директор емес, ауылдың рухани, мәдени және әлеуметтік өміріне белсене араласатын азамат. Ұстаздық еңбек жолында 22 жыл бойы шәкірт тәрбиелеп, әр сабағына жүрекпен дайындалып, талай шәкірттің тағдырына оң ықпал етті. Мақсат ағай білім беруді жай ғана кәсіп емес, өмірлік мұрат деп қабылдаған жан.

Басшылық қызметте жүрсе де, қарапайымдылық пен кішіпейілділікті жанына серік еткен, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсететін биік адамгершілік иесі. Ол кісі – әділ басшы, ұлтжанды азамат, шығармашыл ұстаз. Ұжымда сыйлы, ата-аналар арасында беделді, оқушылар үшін нағыз үлгі. Мектеп қабырғасында білім мен тәрбиені қатар ұстастырып, заман талабына сай жаңа жобалар мен әдістерді батыл енгізіп келеді.

Сонымен қатар үлгілі ұстаз – өнерге жақын жан. Сахна мәдениетін жетік меңгерген, көпшілік алдында еркін сөйлеп, шешендікпен ой өрнегін жеткізетін зерделі тұлға. Әсем ән айтып, ауыл руханиятын өркендетуге де үлкен үлес қосып жүр. Оның дауысындағы шынайылық пен ұлттық реңк тыңдаған жанның жүрегіне жол табады. Ұлағатты ұстаз жанының болмысы – нағыз зиялы азаматтың бейнесі.

Өнегелі ұстаз, көреген басшының жанындағы өмірлік серігі – Төлеуханова Жанар Жұмағазықызы да ұстаздық жолдың шынайы жанашыры. Ол кісі де көп жылдан бері шәкірт тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып келе жатқан білікті маман. Мектеп өмірінде үлкен белсенділік танытып, әр балаға жеке жүрек жылуын арнап, олардың болашағына жол сілтеп жүрген жан.

Жанар апайдың мінезі бірбеткей де салмақты, жүзі жылы, сөзі мәнді, өнегесі мол. Ол кісі оқушылар мен әріптестері үшін, сонымен қатар ізін басып келе жатқан барша ауыл жастары үшін де үлгі бола білген нағыз педагог. Аяулы ұстаз Жанар Жұмағазықызы – ауылымыздың абыройы. 36 жылдық ұстаздық еңбек өтілімен талай ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, өмірін толығымен

мектепке, шәкіртке арнаған дара тұлға.

Мұндай ұзақ жылдар бойы мектептің тыныс-тіршілігіне араласып, әр баланың жүрегіне қол таба білу – кез келген адамның қолынан келе бермейтін қасиет. Ол кісі сабырлы, сөзі де, өзі де жұмсақ, жүрегі кең жан. Оның әрбір сабағы – бала жүрегіне үміт пен сенім себетін рухани азық. Ұстаздық жолда талай қиындықтарды еңсеріп, әр сәттен шынайы қуаныш та ба білген жан.

Қадірлі ұстаз тек білім үйретіп қана қоймай, адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық сынды қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіре білді. Ол кісінің бойындағы табандылық, кәсібіне деген сүйіспеншілік, балаға деген мейірім – бүгінгі жас мамандар үшін үлкен үлгі.

Мақсат ағай мен Жанар апай – ауылымыздың мақтанышы, шын мәнінде қос шынар. Олар өз өмірлерін ұстаздықпен ұштастырып, әр баланың болашағына жарық сәуле шашып келеді. Қос ұстаз – бір-бірін толықтырып тұрған жарасымды жануа. Екеуі де ұстаз, екеуі де шәкірт тәрбиесіне өмірін арнаған жандар. Олар үшін мектеп – тек жұмыс орны емес, жүректің тынысы, өмірлік миссия.

Мұндай ұлағатты ұстаздардың отбасында тәрбие алған ұрпақ та тәрбиелі, білімді, саналы болып өсері сөзсіз. Осы қос тұлғаның арқасында ауыл мектебінің беделі артып, ұжымда ауызбіршілік пен іскерлік атмосфера орнаған. Мектептің жетістігі – директордың парасатты басшылығы мен ұжым мүшелерінің ерен еңбегінің айғағы. Ал Мақсат Зейнелұлы мен Жанар Жұмағазықызы – осы табыстың негізгі тірегі.

Осындай ардақты азаматтар ауылымызда өмір сүріп, еңбек етіп жатқаны – біз үшін зор мақтаныш. Ол кісілер – тек білім саласының ғана емес, бүкіл ауылдың шамшырағы, өнегелі өмірдің үлгісі. Таза еңбекпен шыңдалған өмір жолдары, шынайы адами болмысы – кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге.

Осындай жандар барда ауылымыздың келешегі кемел, болашағы баянды болары айқын. Бұл тұлғалар ұрпаққа білім беріп қана қоймай, жүрек жылуын аямайтын, ұлттық құндылықтарды дөрітпей, елге адал еңбек етіп жүрген өнегелі жануа – бәріміз үшін үлкен үлгі.

Ендеше, осындай ардақты ұстаздарымыз аман болсын, еңбектерінің жемісін көрсін! Мақсат Зейнелұлы мен Жанар Жұмағазықызына зор алғыс білдіре отырып, мықты денсаулық, отбасыларына амандық, қажымас қайрат, шәкірттерінің биік белестерден көрінуін тілейміз! Елге сіңірген еңбектеріңіз елене берсін, абыройларыңыз асқақтай берсін!

**Қымбат ОРЫНТАЙҚЫЗЫ,  
Қасым ауылының тумасы,  
Алматы қаласының тұрғыны**

Мемлекеттік қызмет

# Мемлекеттік қызметке іріктеу: жаңа мүмкіндіктер мен ашық жүйе

Мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесі жыл сайын жетілдіріліп келеді. Осы бағытта Президенттік және Өңірлік кадр резервтері, меритократия қағидаты, сондай-ақ, конкурстық тағайындау ерекше маңызға ие.

**Президенттік кадр резерві**  
Бұл бастама талантты әрі білімді жастарды мемлекеттік қызметке тартуға бағытталған.

Аталған резервке іріктеу бір-неше кезеңнен тұрады. Үміткерлер алдымен онлайн тіркеліп, кәсіби және қабілеттік тестілеуден өтеді. Одан кейін ассессмент кезеңі, сарапшылық комиссиямен әңгімелесу және ұлттық комиссияның шешімі қарастырылады. Барлық кезеңдер ашық әрі әділ өтеді.

Резервке енген жастар орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда басшылық лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие болады.

Қарағанды облысы бойынша Президенттік жастар кадр резервіне 6 адам жолдама алғанын атап өтуге болады

**Өңірлік кадр резерві**

Еліміздің дамуына үлес қосатын, білікті басқарушыларды қалыптастыруға бағытталған стратегиялық жоба.

Өңірлік кадр резервіне іріктеу барысында кандидаттардың білім деңгейі, жұмыс тәжірибесі, басқарушылық қабілеті дағдылары бағаланады. 2025 жылы резервке Қарағанды облысынан 25 адам іріктелді.

**Конкурстық тағайындау**

Мемлекеттік қызмет жүйесінде Өңірлік кадр резервінде тұрған мамандарды қызметке тарту



үшін конкурстық тағайындау тетігі де қарастырылған. Бұл механизм білікті кадрларды мемлекеттік органдарға жедел тартуға мүмкіндік береді.

2025 жылы Өңірлік кадр резервінен 12 адам мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз орналастырылды.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке кіру процесін жеңілдету мақсатында 2022 жылы мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді.

Енді жоғары оқу орнын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жоғары көрсеткішпен бітірген түлектер (академиялық нәтиже GPA 3,33) мемлекеттік қызметке ауылдық, аудандық деңгейдегі лауазымдарына (басшылық емес лауазымдарына) конкурстық орналаса алады.

Бұл бастама жастарға ау-

ылдық жерлерде жұмысқа орналасуға бағытталған.

2024 жылы – 18, 2025 жылы 19 жас түлек мемлекеттік қызметке осы тәсіл арқылы конкурстық іріктеусіз орналастырылды.

**Меритократия қағидаты**

Мемлекеттік қызметке білімді әрі қабілетті жастарды тарту, сондай-ақ, оларды қабілеттеріне және жетістіктеріне қарай меритократия жолымен тағайындау жүзеге асырылуда.

2025 жылы Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарында 167 басшылық лауазымына 87 (52%) мемлекеттік қызметші меритократия қағидаты негізінде тағайындалды.

Ал орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімдерінде 98 басшылық лау-

зымның 45-іне (46 %) осындай тәртіппен тағайындау жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тоқсан сайын жоғары нәтижеге бағаланған мемлекеттік қызметшілер конкурстық рәсімдерсіз жоғары лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие.

Аталған бастамалар мемлекеттік басқару жүйесіне жаңа буын кәсіби мамандарын тартуға, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын тиімді кадрлық саясат қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Б. МАКЕЕВ,**  
**МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп кеңесі хатшылығының меңгерушісі**

Қолдау

Қарағанды облысының дарынды жастары өздерінің шығармашылық және зияткерлік бастамаларын дамыту үшін қолдау ала алады. Өңірде Jas Fund жобасы аясында қаржылай көмек алуға өтінімдер қабылдануда.

## Қарағанды облысында жастар бастамаларын қолдауға өтінімдер қабылдануда



Биыл жобаның жалпы бюджеті 12 миллион теңгені құрайды. Бір қатысушыға берілетін қолдау көлемі 100 АЕК-ке дейін, яғни 432 500 теңгеге дейін жетеді. Қаражатты республикалық және халықаралық байқауларға, олимпиадаларға, көрмелерге қатысуға, сондай-ақ жеке шығармашылық, зияткерлік және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға бағыттауға болады.

Өтінімдерді 14 пен 34 жас аралығындағы (қоса алғанда) шығармашылық ұжымдар, бірлестіктер, бастамашыл топтар және жеке тұлғалар тапсыра

алады. Жоба өңірдің талантты жастарының әлеуетін дамытуға, сондай-ақ клубтар мен қауымдастықтарды қолдауға бағытталған.

Барлық өтінімдерді арнайы комиссия қарап, шешімді дауыс беру арқылы қабылдайды.

Қатысу үшін жеке куәлік, жоба тұжырымдамасы және шығындар сметасын ұсыну қажет. Өтінімдер Saryarqa Jastary порталы арқылы, сондай-ақ +7-775-987-43-16, +7-778-595-30-79 байланыс нөмірлері арқылы қабылданады.

Хабарландыру	Объявление
<p>«Алтай Полиметаллы» ЖШС Қарағанды облысындағы «Көктасжал» мыс-порфирлі кен орнының тау-кен жұмыстарының 2025-2035 жылдарға арналған жоспарына ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыстар нысанында қайта қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Үчаскенің географиялық координаталары және әсер ету аумағының географиялық координаталары 50°06'02,86"СЕ, 76°09'21,07"ШБ.</p> <p>Қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күні, уақыты және орны: 18.05.2026 ж. сағат 15:00-де (жергілікті уақыт бойынша): Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты ауылдық округі, Теректі ауылы, Абай көшесі, 12 (әкімдік ғимараты), сондай-ақ бейнеконференция арқылы (Zoom Video Communications көмегімен, конференция индикаторы ID 933 171 2585, Қатынас коды: 3fQq2c.).</p> <p>Жоба бойынша құжаттама ҚО ТРЖТ ҰДБ орналастырылған <a href="https://hearings.ndbecology.gov.kz">https://hearings.ndbecology.gov.kz</a> және ЖАО сайтында <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru</a> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.</p> <p>Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Лободы көшесі, 20, тел.: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: <a href="mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru">expertiza.upr_krg@mail.ru</a>, «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.</p> <p>Қосымша ақпаратты есепті әзірлеушіден алуға болады: ЖШС ФӨК «АлГеоРитм» - <a href="mailto:info@algeoritm.kz">info@algeoritm.kz</a>, тел.: +7 (7212) 25 23 45</p> <p>Жоспарланған қызметтің бастамашысы – «Алтай Полиметаллы» ЖШС, БСН 050740000965, Кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Ағаштар ауылы, Қазыбек би көшесі, Т. ғ. д. 13-2. E-mail: <a href="mailto:yerbol.sheryazov@altaypm.kz">yerbol.sheryazov@altaypm.kz</a> тел.: +77785726550.</p>	<p>ТОО «Алтай Полиметаллы» сообщает о проведении повторных общественных слушаний в форме открытых собраний по отчету о возможных воздействиях к плану горных работ медно-порфирового месторождения «Кокташжал» в Карагандинской области на период с 2025 по 2035 годы. Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия 50°06'02,86"СШ, 76°09'21,07"ВД.</p> <p>Дата, время и место начала проведения общественных слушаний: 18.05.2026 г. в 15:00 ч. (по местному времени) по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский сельский округ, село Теректы, ул. Абая, 12 (здание акимата), а также посредством видеоконференцсвязи (с помощью программы Zoom Video Communications, идентификатор конференции 933 171 2585, Код доступа: 3fQq2c.).</p> <p>Документация по проекту размещена на НБД СОС и ПР <a href="https://hearings.ndbecology.gov.kz">https://hearings.ndbecology.gov.kz</a> и на сайте МИО <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru</a>, в разделе «Общественные слушания».</p> <p>Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу: г. Караганда, ул. Лободы 20, тел 8 (7212) 56-81-66, <a href="mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru">expertiza.upr_krg@mail.ru</a>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».</p> <p>Дополнительную информацию можно получить у разработчика отчета: ТОО НПК «АлГеоРитм» - <a href="mailto:info@algeoritm.kz">info@algeoritm.kz</a>, Тел.: +7 (7212) 25 23 45</p> <p>Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «Алтай Полиметаллы», БИН 050740000965, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, Карагандинская область, Каркаралинский район, с. Теректы, ул. Казыбек би, д. 13-2. E-mail: <a href="mailto:yerbol.sheryazov@altaypm.kz">yerbol.sheryazov@altaypm.kz</a> Тел.: +77785726550.</p>

Аудандық қоғамдық-саяси газет

## Қарқаралы БАСПАСӨЗ – 2026

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**  
Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне екінші жарты жылдыққа жазылу науқаны жүріп жатыр.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тт
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тт
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тт

**Анықтама телефоны: 8-775-548-3523**

30 қазан 2025 жылы қайтыс болған азаматша Дильдабаева Елизавета Джанбөковнаның атына мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы, Т.Өубәкіров көшесі 36-шы үй №3-ші кеңсе (ЦОН-ға қарсы 5 қабатты үйдің 1-ші подъезінің 2-ші қабаты) мекен-жай бойынша нотариус Разакова Асет Аннасовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 31-515, 8-7017514937

ХАБАРЛАНДЫРУ	ОБЪЯВЛЕНИЕ
<p>«GoldCorp» ЖШС «Қарқаралы ауданында өнімділігі жылына 600 000 тонна Самомбет кен орнын қайта өңдеу бойынша байыту фабрикасының құрылысы» жобасына ықтимал әсерлер туралы есепке ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.</p> <p>Әсер ету аймағы – Қарқаралы ауданы, Жаңатоған а. (48°58'13.13"N, 74°50'56.58"E).</p> <p>Үчаскенің географиялық координаттары: 1. 49°2'49.28"C; 74°44'38.27"В; 2. 49°2'47.64"C; 74°44'40.19"В; 3. 49°2'46.09"C; 74°44'34.14"В; 4. 49°2'48.55"C; 74°44'30.37"В.</p> <p>Қоғамдық тыңдаудың басталу күні, уақыты және орны: 14.05.2026 ж.сағат 12:00-де, Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жаңатоған ауылдық округі, Жаңатоған ауылы, Үшқын көшесі, 38, клуб ғимараты және бейнеконференция арқылы (Zoom-да конференцияға онлайн қосылуға сілтеме: <a href="https://us05web.zoom.us/j/87402427852?pwd=aoWVNH8XwCRyv2KnTuhGZn5HVbp9kMe.1">https://us05web.zoom.us/j/87402427852?pwd=aoWVNH8XwCRyv2KnTuhGZn5HVbp9kMe.1</a>, Идентификатор конференциясы: 874 0242 7852, Код доступа: UJ8CL4.</p> <p>Жоспарланған қызметтің бастамашысы - «GoldCorp» ЖШС, ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, А.Сембинова көшесі, 17 ғимарат, БСН 200640026244, Директор: Смирнов Е.Е. Байланыстар: тел.: 8(701) 520-53-19, e-mail: <a href="mailto:goldcorp2022@mail.ru">goldcorp2022@mail.ru</a>.</p> <p>Әзірлеуші – «Строй Бизнес Консалтинг» ЖШС; БСН 080440023017; ҚР, Қарағанды қ., Тишбек Аханов к-сі, 26; тел. 8(7212)909351, +7 771 180 3481, +7 701 255 75 60; <a href="mailto:info@sbk-eng.kz">info@sbk-eng.kz</a>.</p> <p>Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <a href="https://ndbecology.gov.kz">https://ndbecology.gov.kz</a> сайтында «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru</a> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.</p> <p>Қосымша ақпаратты алуға болады: «Строй Бизнес Консалтинг» ЖШС; e-mail: <a href="mailto:info@sbk-eng.kz">info@sbk-eng.kz</a>, Тел.+7 771 180 3481, +7 701 255 75 60.</p> <p>Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <a href="https://ndbecology.gov.kz">https://ndbecology.gov.kz</a> сайтында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., көш. Лобода, 20. Телефон: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: <a href="mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru">expertiza.upr_krg@mail.ru</a>.</p>	<p>ТОО «GoldCorp» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний на Отчет о возможных воздействиях к проекту «Строительство обогатительной фабрики по переработке руды месторождения Самомбет производительностью 600 000 тонн в год в Каркаралинском районе».</p> <p>Территория, на которую оказывается воздействие – Каркаралинский район, с. Жанатоған (48°58'13.13"C, 74°50'56.58"В).</p> <p>Географические координаты участка: 1. 49°2'49.28"C; 74°44'38.27"В; 2. 49°2'47.64"C; 74°44'40.19"В; 3. 49°2'46.09"C; 74°44'34.14"В; 4. 49°2'48.55"C; 74°44'30.37"В.</p> <p>Дата, время и место начала проведения общественных слушаний: 14.05.2026 г. в 12:00, по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Жанатоғанский сельский округ, село Жанатоған, ул.Ушқын, 38, здание клуба и по средством видеоконференцсвязи (ссылка на онлайн подключение к конференции в Zoom: <a href="https://us05web.zoom.us/j/87402427852?pwd=aoWVNH8XwCRyv2KnTuhGZn5HVbp9kMe.1">https://us05web.zoom.us/j/87402427852?pwd=aoWVNH8XwCRyv2KnTuhGZn5HVbp9kMe.1</a>, Идентификатор конференции: 874 0242 7852, Код доступа: UJ8CL4.</p> <p>Инициатор намечаемой деятельности - ТОО «GoldCorp» ПК, г.Астана, район Байқоңыр, улица А.Сембинова, здание 17, БИН 200640026244, Директор: Смирнов Е.Е. Контакты: тел.: 8(701) 520-53-19, e-mail: <a href="mailto:goldcorp2022@mail.ru">goldcorp2022@mail.ru</a>.</p> <p>Разработчик – ТОО «Строй Бизнес Консалтинг»; БИН 080440023017; ҚР, г. Караганда, ул. Тишбека Аханова, 26; тел. 8(7212)909351, +7 771 180 3481, +7 701 255 75 60; <a href="mailto:info@sbk-eng.kz">info@sbk-eng.kz</a>.</p> <p>С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <a href="https://ndbecology.gov.kz">https://ndbecology.gov.kz</a> в разделе «Опубликованные слушания» и <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru</a> в разделе «Общественные слушания».</p> <p>Дополнительную информацию можно получить: ТОО «Строй Бизнес Консалтинг»; e-mail: <a href="mailto:info@sbk-eng.kz">info@sbk-eng.kz</a>, тел. +7 771 180 3481, +7 701 255 75 60.</p> <p>Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте <a href="https://ndbecology.gov.kz">https://ndbecology.gov.kz</a>, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20; тел. 8 (7212) 56-81-66, e-mail: <a href="mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru">expertiza.upr_krg@mail.ru</a>.</p>

## Майталман

## ТІЗГІНҚАҒАР

Арқаның аяғәз қыздарының көшін бастап жүрген аяулы апайымыз, қоғам қайраткері, өнер саласының ардагері Рымбала Кенжебалақызы Омарбекова туралы деректі еңбек жазып беру туралы «Қарқаралы» газетінің редакциясынан ұсыныс түскенде біраз ойлануға тура келді. Себебі, осыдан ширек ғасырға жуық уақыт бұрын бұл кісі жайлы «Орталық Қазақстан» басылымына ақтарыла жазған едім. Иә, одан бері бірсыпыра өзгерістер болды. Жаңа ғасыр басында аймақтағы мәдениет басқармасы тізгінін тапжылтпай ұстап келген апай зейнеркерлікке шыққан соң да бірер жыл осы лауазымда қызмет жасап, одан кейін «Сарыжайлау» кинотеатрына жетекшілік етті. Кейін облыс әкімінің мәдениет мәселелері жөніндегі кеңесшісі міндетін атқарды.

Рымбала Кенжебалақызы облыстың мәдениет басқармасына басшылық жасаған жылдары қоғамда қандай беделге, сый-құрметке бөленсе, қызметтен қол үзген шағында да елдің алдында жүріп, араласқан ортасының ықыласына ие болуда. Осыған қарап, «Адамның көркі лауазым емес, лауазымның көркі – адам» деген қағиданың ақиқаттығын мойындайсың. Аяулы апайымыз жайлы, алдында айтып өткендей, ширек ғасыр бұрын қандай жоғары пікірде болсам, сол құрметім арта түспесе, бір мысқал да төмендеген жоқ. Сондықтан, 2003 жылдың ақпанында баспа бетін көрген эссені «Қарқаралы» газетіне ұсынуды жөн көрдім. Өйткені, осы уақыт арасында басылымда оқырмандардың жаңа буыны өсіп, қалыптасты. Алдыңғы буын аға-апалардың жетіліп, қалыптасу жолын, қоғам мен мемлекеттің болашағы үшін атқарған еңбегін ескелен ұрпақ білсін, үлгі алсын, «болмаса да, ұқсап бақсын» деген ойды мақсат еттім.

Автор.



Жер жанның Қарқаралы ұлт мәдениетінің өркендеуіне теңдессіз үлес қосқан талай алыпты бергені әмбеге аян. Олардың аты-жөнін тізіп шығудың өзі бірғалай қағазға жүк болып, бірсыпыра уақыт ұрпайтыны хақ. Сондықтан, тарихтың тереңіне көп бойламай-ақ, сөзді кейіпкеріміз дүниеге келген 1943 жылдың қаһарлы қысынан бастадық.

Қарқаралының оңтүстік-шығысында, қозыкөш жерде жатқан, қазір жергілікті тұрғындар Кімасар атай бастаған, сонау жылдары «Комиссаровқа» атауын иеленген көрікті жерді қыстайтын орманшының отбасында дүниеге інғәлап сәби қыз келгенде екі шаңыраққа пана болып отырған қоржын үйдің азын-аулақ тұрғындарынан басқа қуанған адам, сіре, сирек шығар. Сонау күнбатыста қан кешкен ұлы майдан жүріп жатқанда ғасыр ғазуатынан қалжыраған жұрт Қызыл Армияның Сталинград түбіндегі жеңісіне қуанулы еді. Осыдан болар, болашақ мәдениет қызметкерінің, қоғам қайраткерінің бүлдіршін шағы қайыңы мен төрегі араласқан қарағайлы орман ішінде елеусіз өтіп жатты.

Ата-ана мен аяул үйдің азғантай адамдарының аялы қамқорлығында, қозы-лақпен жарысып, құлынышақтың құлдырай шапқанын, бузаудың тайрандай жүгіргенін қызықтап өскен сәбилік кезеңнен есінде қалғаны – күннің алтын сәулесі. Зенгір аспанға шаншылған түп-түзу қарағайлардың қылқан жапырағына сүзіліп өткен алтын сәулелер төңіректі аспақ нұрға бөлеп, қына шұбарлаған таптар мен гүлі бүршік жара бастаған бұталарды ұсы самал сағымға орап, төртбұрыш тұрғанда дүниенің көңдігіне таң қалатын. Одан басқа әлем, алуан түрлі адамдар мен үйлер бар деп ойламапты. Тек көш түсіп, қаранғылық қоюланғанда, күндізгі шексіз әлем жермайдың иісін сыздықтатқан жалпылдақ шамның төңірегіне үйіріліп келгенде көңдікке құштар көңілі қапасқа көндіге алмай, тезірек таң атуын, айналага алтын сәуле тарауын аңсар еді.

Алмағайып заманда ғұмыр кешіп, ұзап оқу алмаған Кенжекең асқақал балаларының оқуына, білімді азамат болып шығуына ерекше көңіл бөлді. Қазақ тілі мен әдет-ғұрпын қазақтан зайыр білетін ата көршісі Василий Стрюковтың ықпалы ма, әлде Абайдың «Өнер-білім орыста қалды» деген пікірі әсер етті ме, Кенжекең көрші ауылдағы бастауыш мектепте бір-ақ қыз қана оқып, таң таныған Рымбаланы ежелгі достары, ауданның әскери комиссары М.Герасимовтың үйіне әкеліп жатқызды. Кейіпкерімізді туған қызындай мөпелеген Миша ағай бастауыш сынып оқушысының сабағын қарап, әліппені меңгеруіне де уақыт табатын.

Қала мәртөбесі бар Қарқаралыны тұңғыш рет көріп, адамдар қабатты үйде бірінші төбесінде бірі қалай тұрады екен деп таңырқаған бала көңілі уақыт өте келе басқаның басына шыққандарды да табанға таптайтын құдірет иелері бар екенін түсінген.

Адамзат өркениетінің ағымына ілескен, ажырамас бөлшегіне айналған қаланың осынау кереғарлығын далалық

демократия негіздей бастаған пәк санасы қабылдай қоймаса да, ұлт мәдениетінің мәйекті ордасынан көрген-білгендері тамсанып, танығандары сәби сезіміне оңды ықпал жасаған.

Абай атындағы педагогикалық училищесі, зооветтехникумы, білікті де тәжірибелі ұстаздарды топтастырған тамаша мектептері бар Қарқаралы, өткен ғасырдың елуінші жылдары білім мен өнердің іргелі орталығы бола алған еді. Қала жанында тұрған әскери бөлім де өзінің өсерін тигізген.

Ана сүтінен сүйегіне сіңген еңбекшілдік, алғырлық, ұғымталдық қасиеттер Рымбаланың мектепте жақсы оқуына мүмкіндік берді. Қарқаралыға келгенде Абай ат басын тіреп түскен үйін, Құнанбай салған мешітті көруі, өзі жанынан өтіп жүретін осынау ғимараттар төңірегінде өрбіген оқуғалардың, Суевзотей алыптың «Абай жолы» эпопеясында ғаламат көркемдікпен суреттелуі оны таң-тамаша қылдырып, әдебиетке деген қызығушылығын оята түсті. Осынау сұлу да сиқырлы өлкеге қатысты аңыздар мен әфсаналар, оның ұлы перзенттері жайлы деректі әңгімелер туған жердің тарихын тереңірек білуге ұмтылдырды.

Орта мектепті тап-тамаша аяқтаған еді, бірақ институтқа бірден түсе алмады. Бағы жанған кейбір құрбыларынан кейіндеп қалғанына намыстанса да қалада мақсатыс жүре берудің жөнін таппай, ауылға оралған. Оқуға түсе алмағанын әлдекімдерше қабылдау комиссиясының «әділетсіздігіне» жаба салмай, бар «өшім» екі көзінің жасынан алып, біер күннен кейін шөп шауып жүрген әкесіне көмектесуге шықты. Бұл тамыздың толыққып, Қарқаралы өңірін жалқын сары бозуға малындырып күз маусымы таып қалған көзі еді. Тылсым табиғат, мәуесі үзілген жеміс-жидектің жұпар иісіне бөккен саф ауа, қоз қарын талдырып, алақан етін ауыртып, ұстардай қылыған шалғыны толысып піскен шалғынға көме тартқан қара жұмыс арманшыл жастың көңілін сергітіп жіберді. Рымбала біраз уақыт өткеннен кейін байланыс торабына телеграфист болып орналасты да, келер жылдың сәтін күтті.

«Талаптыға нұр жауар» дейді халық даналығы. Рымбала Кенжебалақызы Омарбекова осы тұжырымының ақиқаттығына сан мәрте көз жеткізіп келеді. Қарағанды педагогика институтының филология факультетін тәмамдап, туған ауданына жолдамалмен оралғанда сәті түсіп, сол кезде дүрілдеп тұрған «Қырғызия» шаруашылығындағы сегізжылдық мектепке мұғалім болып жіберілді. Мектеп директоры білімді педагог, әуесқой композитор, қамқор аға Лензехан Досмақов болатын. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын азамат Борақұл Ысқақов та ауыл мәдениетінің өркендеуіне үлкен ықпал жасады. Осы ағалардың ден қоюымен құрылған өнерпаздар ұжымы Қарқаралы өңірінде өтетін өнер байқаулары мен мерекелерде бөйгенің алдын бермейтін еді. Студент шағының өзінде-ақ талапшылдығымен, түрлі сауық кештерін ұйымдастыру қабілетімен көзге түскен кейіпкеріміздің өнерге

# Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап...

етене араласуына, аудан мәдениетінің қалыптасу, даму тарихына ден қоюына осы жағдайлар өзінің өсерін тигізгені дау туғызбайды.

Сауаты мен іскерлігі арқасында назарға іліккен жас маман арада көп уақыт өтпей-ақ білік органдарына шақырылып, алдымен комсомол, одан соң партия, кеңес жүйесінде қызмет істеуге мүмкіндік алды. Өйткенмен, мақсаткерлігі мен намысқойлығының нәтижесінде аймақ өңірінің тарихын зерттеу жұмысын назардан шығармай, іргелі ғылыми еңбек қорғады.

Рымбала Кенжебалақызын жақсы білетіндер, араласып тұратындар оның бауырмалдығын, адамға деген ізгі пейілін ерекше ілтипатпен айттады. Сірә, бұл да отбасынан алған тәрбиенің жемісі болар. Орманшының болмашы жалақысы білім сапарын жалғастыруға талпынған ағайынды Омарбековтердің қатар оқуына мүмкіндік жасай алмаған кезде ағасы шахтада жұмыс істеп, қарындасына қол ұшын берсе, кейін Рымбала ағасы мәдени мамандығын игеруі үшін материалдық көмек көрсетеді.

Ұлы Қасым айтқандай «Адамзат сапарының мейманы» болып келген осынау өмірден сұрапыл соққы көрген сәтінде – туған бауыры Амантай бар болғаны 34 жасында қыршын кеткенде оның соңында қалған үш тұяғын өсейтіп, қатарға қосуға ықпал жасағанын мойнындағы аманат орындағандай сезінеді. «Адамзаттың берен сүй бауырым деп» деген Абай уағызына имандық ұйыған осынау жан тек туған-туыстарына ғана емес, жәрдем күткендердің бөріне жомарт көңілінің шапағатын тигізуге әзір тұрады. Осы пейіліне орай оған қамқор қолын ұсынған адамдар да көп болды. Әсіресе, аға буын арасында.

Бір кездері педагогтық қызметтен Жастар ұйымының жетекшісі жұмысына ауысуына алпысыншы жылдары Қарқаралы ауданының тізгінін ұстап тұрған Михаил Шаекин асқақал ықпал жасаса, облыс деңгейіне шығуы үшін обкомның идеология хатшысы болған Мәлік Имашев ағамыз септігін тигізіпті. Қарқаралыда өткен пленумға қатысқан Мәкен аудан орталығындағы мәдени-рухани ошақтарды аралап, Рымбаланың бастама көтеруімен ұйымдасқан «Салтанат» ансамблінің өнерін тамашалап, ризашылық білдірген соң ат басын Кенжебала ақсақалдың үйіне тірейді. Туғырдан түсіп, қарттықа мойын бұра бастаған қарияның ыңқыл-сынқылына, себеп-сылтауына қарамай, өзінің нығызға сөйлейтін әдетімен:

— Шал, қызыңның болашағына түсау салма, Қарағандыға жібер. Саған сол жерден де көмектесіп тұрады, — деп, шешімін бір-ақ айтыпты.

Кейіпкеріміз қарағандылық зиялы қауымның аға буын өкілдерін ерекше құрметпен ауызға алады. Жоғарыда есімдері аталған ағалармен қатар Әбілқас Сағынов, Қали Аманбаев, Султан Досмағанбетов, Талғат Әбдіразақов сияқты

ардагер тұлғалардың бір-біріне деген ілтипатты пейіліне, шынайы қамқорлығына, жарастықты өзіл-қалжындарына сүйсінетін, тіпті, сырт көздің алдында соны мақтанаш ететінін жасырмайды.

Облыстық комсомол комитетінде жүргенде, Қарқаралы аупартокомына хатшы болып оралған соң да, тіпті Одақ астанасының академиясында білімін көтеріп, қайтадан Қарағанды обкомына келгеннен кейінгі қызметтерінде де Рымбала Кенжебалақызы мәдениет саласының жалпынан қол айырмапты. Сол себепті, облыстың мәдениет басқармасының тізгініне ие болған сәтінде оны ешбір қиыншысыз меңгеріп өкетті. Тіпті, жетпісінші жылдардың басында жеке отау шыққан Жезқазған аймағы ширек ғасырдан кейін қара шаңырағына қайта оралған соң да қалпыты жұмыс ырағына нұқсан келмеді.

Бетпақтан Баянға, Ұлытаудан Дегелеңге дейінгі ұлан далада керіліп жатқан Қарағанды облысының мәдени өмірі күрделі құбылыс. Тамыры ғасырлар қойнауына бойлап кететін ұлттық өнер немесе әлемдік классиканың, көне мен жаңаның, дарабоз дарын мен шығармашылық ұжымның төрт құбыласын сай етіп, қыбын тауып басқару үшін көп қасиет керек-ау деп шамалаймыз. Жаңа қойылым әзірлеу үстіндегі театр актерлеріне «Жігіттер, тренировкаларың бітті ме?» деп, түмеден түскендей дүрс өткізсең, қолың көтере алмайтын шоқпарды бөліңе байлағаның.

Құрылымы күрделі синтезден тұратын бүгінгі Арқа өнерін тәуелсіз Қазақстанның мақсатына, жалпы жұрттың игілігіне жұмылдырып, пайдалану үшін жай білім мен басқарушылық тәжірибе жеткіліксіз, тынымсыз еңбекке қоса нәзік талғам, ізгілікті парасат керек. Омарбекованың орын анықтап берген категориялар да осылар ғой деп шамалаймыз.

Жер бетіндегі жанды, жанысыз атаулының бөрі уаытқа тәуелді болса, осынау ұғымға бас иемейтін, оның қорған-қамалдарын күйретіп өтетін жалғыз нәрсе – Руханият. Ол мәңгілік дейді ақылдырақ адамдар. Мәдениеттің негізі қайнарын жасау – Руханиятты қалыптастыру – дарабоздардың пешенесіне жазылған өнерін тамашалап, ризашылық білдірген соң ат басын Кенжебала ақсақалдың үйіне тірейді. Туғырдан түсіп, қарттықа мойын бұра бастаған қарияның ыңқыл-сынқылына, себеп-сылтауына қарамай, өзінің нығызға сөйлейтін әдетімен:

— Шал, қызыңның болашағына түсау салма, Қарағандыға жібер. Саған сол жерден де көмектесіп тұрады, — деп, шешімін бір-ақ айтыпты.

Кейіпкеріміз қарағандылық зиялы қауымның аға буын өкілдерін ерекше құрметпен ауызға алады. Жоғарыда есімдері аталған ағалармен қатар Әбілқас Сағынов, Қали Аманбаев, Султан Досмағанбетов, Талғат Әбдіразақов сияқты

болатын. Тарландардың ізін басқан Мақат Рымжанов ағадан эстафетаны қабылдап алған Рекең ұлттың рухын асқақтататын парызды атқаруға жан-жақты әзірлікпен келді.

Сарыарқаның қарағанды облысы орналасқан өңірінің өзі қазақ өнеріне Төттімбет пен Қыздарбек, Итаяқ пен Аққыз, Әбікен мен Мағауия тәрізді ұлы күйшілерді, Шөже мен Кемпірбай, Балта мен Нарманбет, Әсет пен Шашубай сынды орақ тілді ақындарды, Айтбай мен Мәди, Ғаббас пен Қали, Манарбек пен Жүсіпбек, Күләш пен Рахия сияқты өңшілерді, Қаллеки мен Жұмат, Омар мен Зәрубай, Шолпан мен Жәмиладай өнерпаздарды, Ғабиден мен Әлжаппар, Қасым мен Бүркіт тәрізді, қазақ әдебиетін жоғары көркемдік шеберлікке жеткізген қаламгерлерді бергені әмбеге аян. Бұлар ұлт мәдениетін асқақ биіктерге көтеріп, алды адамзат мәдениетінің асыл қазынасына інжу-маржан болып қосылды. Осынау құнарлы топырақтан жоғарыдағы алыптардың жолын қуған таланттар мольнаын шығуда. Көпшілігін қазақ мәдениетінің орталығы саналатын Алматы мен Астана әкеліп жатыр. Дегенмен, Қарағандының өнер қазынасы ортаймайды. Ел ішінде жас өнерпаздар, жарқылдаған жауһарлар жыл өткен сайын молая түсуде.

Ресейдің отары болған тұсында қойнындағы қазынасы қарісетке айналған ұлан дала тесінде Еуразия құрлығын мекендейтін алуан түрлі ұлттың ұл-қыздары тағдырын түйсітірді. ҚарЛАҒ көзден аққан жастың, күйреген тағдырлардың мекені, қыршынынан үзілген ғұмырлардың зираты ғана емес, тоталитарлық жүйе табыстырған ұлттар мәдениетінің алтын бесігі болды. Қарағанды облысының өнер мен мәдениет мекемелерін шолып шығу санаға салмақ түсіреді. Дербес Мәдениет министрлігімен барараб: С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры, К.Станиславский атындағы орыс драма театры, Жезқазғанның С.Қожамқұлов атындағы драма театры, Академиялық музыкалық комедия театры, Теміртаудың балалар мен жасөспірімдер театры, Төттімбет атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі, симфониялық оркестр, «Аққу» фольклорлық-хореографиялық ансамблі, Қ.Байжанов атындағы концерт-цирк бірлестігі тәрізді іргелі өнер ұжымдарымен қатар толып жатқан ансамбльдердің, топтардың жұмысын үйлестіру айтуға ғана оңай. Қарағандыдан басқа жерде болса, әрқайсысы бір-бір облыстық маңдайға басқан жұлдызына болатын өңші-күйшілер қаншама. Осыны аңдағанда әйгілі музыка зерттеушісі, этнограф, Қазақстанның тұңғыш халық артисі Александр Затаевич француз ғұламасы Ромэн Ролланға жолдаған хатында «Бұл даланың тауы да, тасы да ән салып тұрғандай» деп қалай деп басып жазғанына таң қаласың.

Руханият әлеміне құлаш ұрған ұландар санын толықтырып, мольктыру үшін, көпшілік жылы қабылдағандарының өнерін шыңдау мақсатымен өтіп жататын фестивальдар мен байқаулардың жігі жоқ. Басқасын былай қойғанда, облыстық конкурс деңгейінде басталған Ж.Елебеков атындағы ән байқауы қазір республика сайысы байтақ ел өнерпаздары тамсана айтар мереке болғанын тілге тиек етсек те жетер (кейін бұл конкурстардың қатарына дәстүрлі өңшілердің Мәди атындағы дүбірлі өнер мерекесі қосылды Е. Б.).

Рымбала Кенжебалақызының көңілін аударатын, қолын байлайтын тек өнер саласы ғана емес, даналықтың қазынасы болып табылатын кітапханалар жүйесі, ұлт тарихының асыл жәдігерлері жинақталған мұражайлар бар. Бұдан біраз жыл бұрын жолындағыны жапыра кірген жабайы нарық, оңтайластыру тұсында облыс мәдениеті едәуір зардап шеккеніне қарамастан, Рекеңнің қажырлы еңбегінің арқасында қолда бар

қазынаның басым бөлігі сақталып қалды. Мәселені дұрыс көтеру, орынды талап қоя білу асыра сілтеушілердің жалаңдаған қылышына тосқауыл болды. Бүгіндері Қарағанды «кітапқұмарлар астанасы» атануы тегін емес. Мұндағы Н.Гоголь, Ж.Бектұров және Абай есімдерін иеленген кітапханалардың қоры республикалық деңгейде. Қазіргі ақпараттар тасқыны ғасырында облыстық автоматтандырылған кітапхана жүйесін жасау, олардан интернет-сыныптар ұйымдастыру жұмыстары қолға алынууда.

Сарыарқа ежелгі тарихи ескерткіштер саны, олардың алуан түрлілігі жөнінен де ерекше аймақ болып есептеледі. Мұнда тас ғасырының, қола және ерте темір дәуірінің тұрғындары, сақтар, массагеттер, ғұндар, көк түріктер, қыпшақтар, Алтын Орда халықтары мекендеген үй-жайлар мен қорымдар, обалар, киелі орындар мен су жүйелерінің қалдықтары бар. Ел тарихын тану үшін осының бөрінің маңызы үлкен. Олардың біразы халық шаруашылығын индустриаландыру, өнеркәсіпті дамыту сияқты науқандарды жабайылықпен жүргізу барысында бүлініп, жойылып та кетті. Қалғандарын сақтау, әсіресе, Беғазы-Дөңдібай қорымы, Қызылкөңіш сарайы, Домбауыл, Алашахан мен Жошыхан мазарлары сияқты бірегей ескерткіштерді қамқорлыққа алу, оларды қалпына келтіру өзін Қазақ елінің патриотымын деп санайтын әрбір азаматтың борышы екені хақ. Бірақ, осы парызды облыстың мәдениет департаментінің, оның басшылығындағы Рымбала Кенжебалақызының иығына артып, жүре беретініміз бар. Жай жүрмей, ол кісіге өкпе-наз, тіпті сын айтатынымызды қайтерсіз. Сын дегеннен шығады, Сарыарқа жұртын бір шыбықпен айдағысы келетін әріптесім, «Жас Алаш» газетінің облысымыздағы меншікті тілшісі Айтбай Сәулебектегі әдетте батыстан немесе терістіктен соғатын жел түстік бетке ауысып кетсе де оған Рекеңді кінәлі көріп, газетіне түртіп жіберуді әдетіне айналдырды. Осы қиянатқа жаным күйіп, бір кездесуде алайдан: «Неге сотқа шағым жасамайсыз?» – деп сұрап қалғаным бар. «Айналайын, – деді Рекең, «қабеген» да шытпастан, – «Іт үреді, керуен көшеді» демей ме халық. Газетінің беті шыдаса, жаза берсін. Оның деңгейіне төмендеп, тартысып жүрсем, менің кім болғаным?!» Қазақтың екі жігітінің бірі таныта бермейтін мәрттік аруынан табылғанда қалай мерейленбесің!

1987-1992 жылдары облыстық атқару комитеті төрағасына орынбасар қызметін атқарғанын есепке алмасақ, он сегіз жылдан бері Арқа мәдениетінің суығына тоңып, ыстығына күйіп келе жатқан Рымбала Кенжебалақызы халықтық болмысымыз, ұлттық рухымыз, бірегей өнеріміз келешекте қанатын жайып, көркейлі, кемеліне жететініне әбден сенімді. «Мәдениетке одақтық бюджеттен 0,3 пайыз бөлінеді. Бұл – хал ұстатпен жатқан адамға жіберілетін «жедел жәрдем», – деп ақын А.Вознесенский баға берген кезеңде де мекеме тізгінін ұстаған Рекең қазіргі жасдай ханға сөлем бергендей екенін жазырмай айттады. Облыс, республика басшыларының мәдениетке ықыласы оң. Жыл өткен сайын бюджеттен бөлінетін қаржы еселене түсуде. Тіпті, кәсіпкер азаматтар арасынан өнерге жанашырлық танытатын, түрлі мәдени шараларды қаржыландыратын меценаттар шыға бастады. Шетелдің ақшаға құнықан жалбыр шаштарын саяси мақсаттарға пайдалануды көздейтін «қайраткерлер» емес, шынайы патриоттар. Ең бастысы, жергілікті мәдениет саласы аудан, қала әкімдерінің назарынан түспейтін болды. Себебі, олардың тоқсандық, жарты жылдық нем жылдық жұмысына баға беретін, атқарған ісін рейтингілік деңгейін анықтайтын талаптары мен қатарында мәдениет ошақтары мен кітапханалардың шаралар туралы да мәліметтер болады. Сол үшін де Рекең облыс әкіміне дән риза. Осындай қамқорлық жасалып жатқанда сулулыққа іңкер, жарасымдылыққа құштар мәдениет қызметкерлері Сарыарқа өнерінің туын одан әрі асқақтата беретіні күмәнсіз. Өйткені, департаменттің басында ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын, ой-қиялы кең, кемел топшылайтын Рымбала алай отыр.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**  
**Қазақстанның Мәдениет қайраткері**  
2003 жыл, ақпан

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»  
ЖШС Директоры –  
Бас редактор  
**Құрманғазы ӨТЕБАЙ**

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй  
Бас редактор – 31-3-50 (факс)  
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23  
Бухгалтерия – 31-4-56  
E-mail: karkaraly\_too@mail.ru  
Біздің есепшотымыз:  
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,  
ИИК KZ326010191000161842,  
БИК HNBKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті  
«Қарқаралы» газеті  
редакциясы баспаханасында  
теріліп, беттеліп,  
Қарағанды қаласындағы  
«Арқо» ЖШС  
(Сәтбаев к., 15)  
баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.  
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С.  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г  
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ32VPY00109516 қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 12